

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Филология факультеті
Түркітану және тіл теориясы кафедрасының PhD докторанты
Оспангазиева Назгуль Бакытовнаның
«6D021300-Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы
(PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған «Түркі тілдеріндегі
фонологиялық айырым белгілерінің тарихи негіздері» атты
диссертациялық жұмысына

ПІКІР

Қазақ тілінің фонетика саласында әлі де болса түпкілікті шешілмеген мәселелер жеткілікті. Соның бірі – қазақ тілінің тарихи фонологиясымен байланысты зерттеу жұмыстары. Айталық, ұлттық тіліміздің тарихи (диахрондық) фонологиясы докторлық диссертация аясында жүйелі түрде тереңінен зерттелген емес. Сондықтан қазіргі таңда қазақ тілінің тарихи фонологиясын зерттеу маңызды әрі **өзекті** проблема болып отыр. Қазақ тілінің тарихи фонетикасының (фонологиясының) зерттелуі басқа түркі тілдермен салыстырғанда жоқтың қасы: тек бірлі-жарым монография мен ғылыми мақалаларды ғана айтуға болады. Ол еңбектерде тарихи фонетиканың кейбір мәселелері сөз болады және қазақ тілі фонетикалық жүйесінің жеке дыбыстары талданады, ал ұлттық тілдің фонология инвентарі жүйелі, тұтас түрінде диахронды аспектіде салыстырмалы-тарихи әдістер арқылы арнайы зерттелген емес.

Тіл білімінде өзінің даму барысында түрлі өзгерістерге түсіп, жаңарып немесе қайта қалыптасып жататын дыбыстардың табиғатының даму жолдарын анықтайтын тарихи фонетиканың маңызы зор. Оның ішінде дыбыстар жүйесіндегі дауысты, дауыссыздарды диахрондық аспектіде қарастырудың мәні ерекше. Түркі тілдерінің вокализм мен консонантизм жүйелерінің даму тарихы мен кезеңдерін салыстырмалы-тарихи әдістер арқылы сипаттау қазақ тіл білімінде өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Осымен байланысты фонетика-фонология құбылыстарының нәтижелерімен бірге байырғы дыбыс жүйелерінің дамуына себеп болған механизмдер де тарихи факторлар арқылы анықтауды қажет етіп отыр. Алайда түркі (қазақ) фонологиясының бүгінгі күнге дейін қарастырылмаған проблемалары жеткілікті.

Осы себепті салыстырмалы фонологиясының **өзекті** мәселелері өз шешімін күтуде. Түркі фонологиясының жалпы құбылыстарын, ортақ заңдылықтарын, толық концепциясын білу үшін диахрондық ізденістерді жүргізу қажет. Қазақ және түркі тілдеріндегі дыбыстық өзгерістер тілдің жалғамалық құрылысымен, үндестік заңы, дыбыстардың дивиргенция мен конвергенция, фонологизация тағы да басқа дыбыстық құбылыстармен қарастырылуы тиіс.

Түбі бір түркі тілдерінің сегментті және суперсегментті фонологиясында айырмашылықтарынан гөрі ұқсастықтары көп. Олардың даму, қалыптасу заңдылықтары да ортақ, сондықтан қазіргі қазақ тілі

фонологиялық жүйесінің даму жолдарын туыс түркі тілдерден оқшау қарастыруға болмайды. Фонология тіл білімінің негізгі саласы, оның базасы болғандықтан, тіл білімінің басты ұғымдары: қарама-қарсы қою (оппозиция) теориясы, айырым белгілер теориясы, корреляция теориясы, инвариант-вариант теориясы, компоненттік анализ т.б. фонологиядан тараған.

Н.Оспангазиеваның жұмысында алғаш рет түркі тілдеріндегі фонологияның айырым белгілері тарихи тұрғыдан қарастырылды. Айырым белгілер теориясы фонетиканың негізгі проблемаларына жатады. Әр фонема инвариант ретінде оның айырым белгілерінің жиынтығы болып табылады. Фонеманың айырым белгілері олардың акустика-артикуляторлық сипатын қамтиды. Сондай-ақ айырым белгілердің жиынтығы фонемалардың фонологиялық мазмұнын құрайды. Сондықтан әр тілдің фонетикалық жүйесі фонологиялық айырым белгілер арқылы анықталады.

Диахрондық фонологияның мәселелері үш принциптің (жүйелілік тарихилық, себептілік) аясында қарастырылды. Жан-жақты және кешенді зерттеудің нәтижесінде диссертациялық зерттеуде туыстас түркі тілдердің материалы бойынша фонемалардың айырым белгілеріне негізделген фонологиялық оппозициялардың (қарама қарсы қою) түрлері айқындалды. Қазақ және туыстас түркі тілдерінің материалы бойынша, олардың фонологиялық жүйесінің даму кезеңдері мен қалыптасу жолдары белгіленіп, анықталды. Түркі тілдерді туыстас белгісіне қарай өзара топтастыру және генеологиялық классификацияға сүйене отырып, олардың дыбыс жүйелеріне диахрондық аспектіде фонетика-фонологиялық талдау жүргізілді. Тарихи жазба материалдары мен қазіргі түркі тілдерін салыстырылу негізінде қазақ тілі вокализм және консонантизм жүйесінің эволюциясы фонологиялық айырым белгілер арқылы сипатталды.

Терең талдау арқылы қазақ тілінің фонологиялық жүйесінде бірөлшемді және көпмөлшемді айырым белгілер сөздерде және сөзтұлғаларда мағына ажыратушы қызмет атқаратыны көрсетілді. Бірөлшемді және көпмөлшемді айырым белгілердің еліктеуіш сөздерден келуі қазақ тіл білімінде алғаш рет дәлелденді.

Қазақ тіліндегі фонологиялық құбылыстар морфонологиялық процестермен салыстыра қарастырылып, олардың қызметі мен заңдылықтары анықталып, айырым белгілердің ерекшеліктері сипатталды.

Зерттеу барысында алынған нәтижелердің теориялық және практикалық мәні зор. Қазіргі түркі тілдермен көне түркі дәуіріндегі жазба ескерткіштер тілін вокализм, консонантизм, морфонология тұрғысынан зерделеу тарихи фонетика тарихи грамматика, лексикология, этимология проблемалармен айналысуға жол ашады. Сондай-ақ, қазақ тілінің салыстырмалы және салғастырмалы тіл білімінің дамуына да тарихи фонетиканың зерттелуінің маңызы зор екені дау тудырмайды.

Жұмыста алынған нәтижелерді жоғары оқу орындарында түркітануға кіріспе, көне түркі тілі, түркі тілінің салыстырмалы грамматикасы, қазақ тілінің тарихи грамматикасы пәндері бойынша дәріс оқуда пайдалануға

болады және тарихи фонетикадан студенттерге бағдарлама мен силлабус дайындауға болады.

Сонымен, Оспангазиева Назгуль Бакытовнаның «Түркі тілдеріндегі фонологиялық айырым белгілерінің тарихи негіздері» атты диссертациялық жұмысы өзіне қатысты мәселелерді түгел қамтыған, және PhD докторлық диссертацияларға қойылған талаптарға сәйкес жазылған, ал оның ізденушісіне PhD ғылымдарының докторы деген ғылыми дәреже беруге әбден болады деп есептейміз.

Ғылыми жетекшісі:
филология ғылымдарының докторы,
профессор, академик



З.М.Базарбаева

(аты-жөні)	
қолын қуеландырамын	
«А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты» РМК Персоналды басқару, құжаттамамен қамтамасыз ету және бақылау бөлімі	
« 28 »	20 26 ж.